

Қанға сіңген ана тілін халқым – ау, Шұбарлауға ешқандай жол бермейік.

Әйтеке би: Қазақ, қазақ болғалы, Тіл үшін күрес көргені. Көргені көп тілімнің, Мүмкін емес өлмегі.

Тәрбиеші: Рахмет, балалар, енді барлығымыз орнымыздан тұрып, сергіту сәтін жасайық. Сергіту сәті.

Жұмбақ шешу

Тілден ұшып, құлаққа қонады. (Сөз)

Қабат-қабат қаттама, Ақылың болса, аттама (Кітап)

Жағалай-жағалай тас қойдым, Жирен атты бос қойдым. (Тіл, тіс)

Оттан да ыстық, ол не..? (Отан)

Көкпенбек еді көктемде, Қызарады күзге жеткенде (алма)

Жерге тырс тырс тамады, Сайға қарай ағады, Шешуін кім тамады? (Жанбыр.)

Жазда жатсаң көлеңкесіне алады, Қыста жақсаң жаның рахат табады. (Ағаш)

Құрастыру ойыны.

Қорытынды.

Сұрақ-жауап Тәрбиеші: Балалар, бүгін бәрің сабаққа жақсы катыстыңдар. Рахмет сендерге. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның болашағы-қазақ тілінде» деп айтқаныдай сендер осы ана тіліміздің мәртебесін биікке ұшырататын сұңқары, бәйгенің алдын бермес тұлпары болуларыңа тілектеспін. Балалар: Қол ұстасып тұрайық, Шенберді біз құрайық. Көріскенше сау саламат болайық.